

## № 10 дәріс

**Тақырыбы:** Ақтамберді Сарыұлы шығармашылығы

### Негізгі сұрақтар:

1. Ақтамберді толғауларының тақырыптық-идеялық сипаты
2. Ақтамберді толғауларындағы замана бейнесі

#### 1. Ақтамберді толғауларының тақырыптық-идеялық сипаты

Ақтамберді жырау Сарыұлы 1675 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірі, Қаратау маңында дүниеге келіп, өзінің бар ғұмырын елі мен жерінің тағдырына арнаған. Ақтамберді жырау 1768 жылы, кей деректерде 1869 жылы қайтыс болған деген мәліметтер сақталған. Әрі жырау, әрі батыр Ақтамберді өзінің жалынды жырларымен жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болды. Оның өмір сүрген кезі Абылай ханның заманына тұстас келіп, ол өзінің жыраулық, батырлық және елшілік қызметтерімен танылды.

XVIII ғасырда Ақтамбердімен қарайлас өмір сүрген Үмбетей жыраудың «Ей, Ақтамберді, Қабанбай!» деп басталатын шағын толғауына назар аударсақ, бұл толғау мазмұнынан Ақтамберді жыраудың өр мінезді батырлығымен қоса, ел арасында туындап жататын әрқилы дауларға да араласып, бітімгер би болғанын аңғаруға болады. Үмбетейдің «Ей, Ақтамберді» деп басталатын он үш жол өлеңінің де тарихы бар. Құн дауы ма, жесір дауы ма, аржағында бір дау бары анық. Ақтамберді қанық жауап алмаса, көңілі көншімейді екен және елдің айтуынша кез келген дауға ақырып келіп, қатты серпінмен кірісетін болған.

Бұл туралы Қытай архивтерінде сақталған материалдар негізінде мысалдар келтіруге болады. 1755 жылы Жоңғар хандығы құлаған соң Цин империясы мен қазақ жері, дәлірек айтқанда қазіргі Қытай мен Қазақстан аумағы бір-бірімен шекаралас болып қалды. Бұл жағдай шекарада көптеген мәселелердің тууына алып келді. 1769 жылы Циндік Қытайдың шекарасына бірде 40, бірде 20 бас өтіп кеткен қазақтардың малдарын қайтару үшін Ақтамберді бастаған билер барып, өзара келіссөз жүргізіп, алып қайтады екен. Сонымен қатар шекарадан байқамай өтіп кетіп, тұтқынға түскен адамдарды да елге қайтаруға көмектесіпті. Ақтамбердінің мұндай әрекеттері оның тек ақын, жырау, батыр ғана емес, сонымен бірге дипломат екендігін де көрсетеді.

Осы тұста циндік мәліметтерде Ақтамбердінің 1769 жылы Қытаймен келіссөздер жүргізгені айтылады. Ал, біздегі мәліметтер оның 1768 жылы қайтыс болғанын көрсетеді. Демек, бірқатар түсінбеушіліктер туындайды. Бірақ бұл Қытайдың дәстүрлі жыл санауымен осылай көрсетіліп тұрған болуы мүмкін.

Ақтамберді жыраудың арманына айналған Жоңғар мемлекеті талқандалып, Қазақстанның шығыс өңірі жау қолынан босатылып, жырау ендігі кезекте аймақтағы бұрын көшіп кеткен қазақтарды ежелгі ата-бабаларының қоныстарына орналастыруға белсене атсалысады. Ақтамберді

өз қарамағындағы қазақ руларын отырықшылыққа үйретіп, бұл бағытта арық қазуды, бөген салуды ұйымдастырып, қазақтарды егін шаруашылығына бағыттайды. Ақтамберді жыраудың өлең-жырларындағы негізгі сарын – ерлікке үндеу, жауға қарсы күреске жігерлендіру. Ол жау табанында қалған жерлерді азат етуді аңсайды, бүкіл қазақ болып бірігіп атқа қонуды, жоңғарларға күйрете соққы беруді армандайды. «Балпаң-балпаң кім баспас», «Жауға шаптым», «От басар орны отаудай» секілді біраз жырларында жұртшылықты ата жаумен шайқасқа шақырады. Ел қорғау жолында өлген ерде арман жоқ деп біледі. Ол – суырыпсалма сөз өнерінің жетік өкілі. Шығармалары табан асты шығарылып, ауызекі таралып, ел есінде сақталу арқылы жеткен. Оның жауға шығу туралы өлеңдері қазақ әскерилерінің арасында таралған ұран сияқты болды.

Ақтамберді жырау жоңғар басқыншыларына қарсы өліспей беріспейтін шайқасқа шақырған халық жаршысы, өз шығармаларында ол қазақ халқының бейбіт және еркін өмірі туралы, әлеуметтік қайшылықтар жойылып, халықтың ізгі мұраты мен үміті орындалатын заманды армандады. Халық оны жоңғарларға қарсы жорықтар кезінде қол бастап, ерлік көрсеткен батыр, өзінің өжет те өткір сөздерімен қауымға әсері күшті болған жалынды жырау деп санайды. Осының негізінде Ақтамберді өзінің жыраулық өнерінен тыс батырлық қабілетімен де көзге түсті. Бұған оның XVIII ғасырдың 20-жылдары жоңғарлармен болған шайқастарға және қазақ шекарасында туындаған қақтығыстарға қатысуы дәлел бола алады. Оның қазақтардың жоңғарлармен соғыста тек жырлармен ғана емес, сонымен бірге қол бастап соғысқа шығуына осы кездегі аймақтағы геосаяси жағдай себеп болды.

Ақтамберді Қазтуған, Шалғез, Доспамбет, т.б. ақындар сияқты өлең сөзде өздерінің көкірегін қаққан жоқ, сол өздері өмір сүрген ортаның мақсат-мүддесін поэзияға ала келді. Кейбір тарихи мәліметтерді, яғни біз көп байқай бермейтін жайды олар шешендік сөз маржандарымен жеткізді. Кейбір моральдық, эстетикалық мәселелерді де қамти жүрді. Ақын, жыраулардың сөзі қай заманда да жаңа қырынан ашыла береді. Әр ұрпақ, әр ғасыр әрқалай оқып, қабылдауы мүмкін. Терең афоризмдер туралы түсініктер түрліше болуы мүмкін, бірақ нағыз көркемдік маңызы ешқашан жоғалмақ емес. Сондықтан олар халық есінде мәңгі жасап келеді. Ақтамбердінің танымал болуына оның жыраулық қасиеттері мен қабілеттері ықпал етті. Өзінің өткір тілімен ол барлық қоғамдық ортада көзге түсіп, қазақ хандары мен сұлтандарының алдына шығып отырған. Ақтамбердінің жыраулық сөздері «Ақтабан шұбырындыдан кейін Ордабасыда өткен бүкілқазақ жиынында көрінді. Оның жоңғарға қарсы айтқан сөзі қазақ батырларының жауға қарсы аттануына үлкен дем беріп, қазақ әскерінің рухын көтерді.

Қазақ әдебиеті мен тарихында жыраулар поэзиясының орны өте ерекше екендігін айта отырып, Ақтамбердіні сол заманның және сол поэзияның ажырамас бөлігі болғанын ерекше көрсеткен жөн. Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік проблемалармен қатар, әдеп пен мораль, ар-намыс пен қадір-қасиет мәселелерін қорғады. Өмір мен өлім туралы, дүниенің

құбылмалылығы мен жалғандығы туралы өз ойларын жыр-толғаулары арқылы жеткізді. Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуында аса қуатты ықпалдылығымен ерекшеленді. Мемлекетті басқарған хандардан бастап, балаға тәлім-тәрбие беретін эстетикалық есті дүниелер қалдырды.

Соның ішінде атақты Ақтамберді жырау – қолбасы, қазақтың жыраулық мектебінің белді өкілі, мәмілегер. «Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке» – дегеніне қарағанда, күреске ерте араласқан жауынгер жырау санатына жатады. Тұрмыстың қыр-сырын, отбасы, елдік, ерлік, жер мәселелерін жырларында жақсы бейнелеген. Ақтамберді жырау – қысқа да нақыл, шешен сөздердің шебері. Көңіліне түйгенін, піскен ойын шашыратпай, шиыршық атқан күйінде айтып кете берген. Эпикалық кең тынысты туындылары да болуы мүмкін. Бірақ қолымызға әлі қомақты дүниелері түсе қойған жоқ. Ақтамберді жырау – эпикалық жанрдың да ақыны. Өзінің жырларында ол батырлардың ересен ерліктерін асқақтатып береді.

Айта кетерлігі, Ақтамберді 10 жасынан бастап жыр шығарып, өз сөзін өлең шумақтарымен жеткізген. Сондай-ақ ол өзінің жаугершілік заманда туғанын түсініп, 13 жасынан қару асынып, жорыққа шыққан. Осылайша, оның бойында ақындық пен батырлық қасиеттері қатар дамыған. Ақтамбердінің бойындағы ерлік пен нағыз батырға тән қасиеттерді көріп, оның мұндай ерекшеліктерін жыраулық дарыннан бөлек нағыз батыр деп тануға болады. Ақтамберді соғыс қимылдарын өз назарынан қалдырмай, қазақ жауынгерлерін соғысқа бастап, өзі де оның арасында арпалыса қатысқандықтан халық арасында «Жорық жырау» деген атауды иеленді. Оның бойында ақындық пен батырлық қатыр жүріп, жыраулар арасында дара тұрды.

Оның батырлық қасиеттерінің бірі – оның жас шағында абайсызда түркмендердің жорығына тап болуы. Бұл кезде қазақтар мен түркмендер арасынан барымташылық насырға шапқан, бір-бірінің ауылдарын шауып тұратын кез болған екен. Ел аралап жүріп, керуенге ілескен ол бір күні түркмендердің тұзағына түсіп қалады. Оның айналасындағы бірқатар адам да қиын жағдайға тап болады. Бірақ өз күшіне кәміл сенген Ақтамберді бірден айла тауып, өзін қоршауға алған адамдардың біразын садақпен атып түсіріп, қоршаудан қашып шығады. Осыдан соң оның халық арасында қайсарлық және батырлық қасиеттері де таралады.

Көріп отырғанымыздай, Ақтамбердінің жыраулық шығармашылығы, негізінен, Отанын, елін, жерін жаудан қорғау, отбасы, ауыл-аймақ, ел намысын қорғауда жан аямау, т.б. ізгі қасиеттерге шақырады. Демек, мұндай қасиеттерді халық арасында дәріптей отырып, жастардың бойына ұлтжандылық пен гуманизмді сіңіру аса белсенді қоғамдық жұмыстардың бірі саналады. Қазақ хандығының саяси өміріне үлкен қауіп төндірген бұл дәуірдің жыраулар поэзиясындағы ерлік тақырыбын, мемлекеттің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығын жырлау ең өзекті мәселе болады. Ақтамберді

шығармашылығы – жыраудың ауыз әдебиетінен бөлініп, жеке отау тіге бастағанына дәлел. Халық даналығын көркейтіп, одан әрі жетілдіруші, сөз өнерін жаңа өрге апарушы ретінде көрінеді. Соғыс алаңында, сөз майданында қатар көзге түсу – екінің бірінің қолынан келе бермейді. «Ел күйінгенде күйінген батыр, ел сүйінгенде сүйінген батыр – ерегісте мыңға татыр» демекші, Ақтамберділердің өзі де, сөзі де мыңға татитыны рас. Халқына қымбат жыр сыйлаған жүйріктердің қашанда бағасы өлшеусіз болмақ. Өз уақытының әркез озық ойлы кісісі болу жеңіл міндетке жатпайды. Жырау – көрген-білгеннің бәрін тізе бермейді, көкірегіне түйгенін салмақтап, саралап қана сыртқа шығарады. Жыраудың халық үшін қадірі – сонда жатса керек. Суырып салмаға да (импровизация) іштей дайындық қажет, ондай әзірлікті жырау ауыз әдебиетінен алады, халық шешендігінен үйренеді. Осындай жақсы үйренудің нышандарын Ақтамберді поэзиясынан көреміз.

Ақтамбердінің толғаулары мен жырлары С. Мұқановтың «Қазақтың 18-19 ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «15-18 ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1985) жинақтарына енгізілген.

Жырау 1768 ж. Семей облысының (қазіргі Шығыс Қазақстан) Абай ауданы Жүрекжота мекенінде дүниеден өткен.

## **2. Ақтамберді толғауларындағы замана бейнесі**

Ақтамберді өз ғұмырнамасын толғауларына көркемдік қуаты зор, келісті нақыштармен түсірген. Шығармалары зиялы зергердің қолтаңбасын танытады. Өлі де қолға түспеген толғаулары ел аузында сақталуы ықтимал. Қазіргі уақытта бірқатар өлең-жырлары жарияланды. Ақтамбердінің «Балаларыма өсиет» деп аталатын толғауы соңғы туындылардың бірі болса керек. Жырау балаларын тірліктегі бірлікке, талап мұратқа, татулыққа үйретеді. Жас ұрпақтың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруы елді мақсатына жеткізерін ескертеді. Халықты алауыз мінезден сақтандырады. Ақтамберді сияқты жыраулар билеушілердің және халықтың жоқшылық дегенді білмей, молшылықта өмір сүрмек қоғамының мінсіз бейнелерін жасады.

Жыраудың бірінші туындылары жас Ақтамбердінің жоқшылыққа ұшырап, адамгершілік-жан күйзелісін бастанкешірген кезеңде туған болса керек. Онда тағдырына налу, жалғыздығына, кедейлігі мен дәрменсіздігіне мұңаю басым. Лирикалық кейіпкер жападан-жалғыз және қорғансыз, көп қорлық көріп, өзін жапан жұртта жалғыз қалғандай сезінеді. Ол мұңайып, өзін бар күшін көрсетіп, өзін-өзі қорғай алатындай жасқа тезірек жеткісі келеді. Ол жақсылыққа деген үмітке бөленіп, өзі мен жұрт санасатын күнді армандайды. Оның екінші туындылары табандылық пен ерлік рухынан туған. Ұлы жыраудың пайымдауынша, ел басына қиындық түскенде сыналар және елі үшін жанын отқа салуға даяр жігіт қана ер атанбақ. Ақын заманы мұқтаж етіп отырған ер-азаматты үлгі етіп, әр тұста елі үшін ерлік көрсете білуге үндейді.

Даңқты жыраудың артында қалған рухани қазынасының ең негізгілеріне кішкене тоқталып өтсек, оның «Күмбір-күмбір кісінетіп», «Уа,

қарт Бөгенбай», «Менімен, ханым, ойнаспа», «Жауға шаптым ту байлап», «Заманым менің тар болды» және т.б. өлең-толғаулары батылдыққа, ізгілікке, отансүйгіштік күй-сезімдерге толы. Бүгінде Ақтамберді жыраудың 26 туындысы белгілі. Олар тақырыбы жағынан үш топтан тұрады және тиісінше жауынгер-ақын өмірінің үш кезеңін: жастық шағын, толысып, даңқы шыққан жылдарын және егде тартқан кезін бейнелейді. Ақтамберді жырларында азаттық күрестің басты мақсаты өз алдына ел болу, төгілген қанның өтеуі бейбіт тіршілік, азат ел, мамыражай тіршілік дегенге саяды. Оны «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заманда тәуелсіз елдің тыныштығын ел арасындағы дау-жанжал бұзбаса, береке-бірліктің құтын қашырмаса деген тілек қатты толғандырады.

Ақтамберді жырлары сол уақыттағы қазақтардың саяси-әлеуметтік жай-күйінен, тұрмысынан, арман-мақсатынан, өмір сүру деңгейі мен қазақ ауылының күнкөріс жағдайынан мол мәлімет береді. Қазақ хандығының бытыраңқылыққа ұшырағанынан соң қазақ халқының жан-жақтан анталап келе жатқан сыртқы күштердің отарлық және жаулаушылық әрекеттеріне қатысты ұстанымдарын көрсетеді. Жыраудың ойынан туған толғауларын сол кездегі халықтың мінез-құлқы мен болмысы, өмірге деген көзқарасы мен жалпы философиясы суреттеледі.

Жалпы Ақтамберді толғауларының өн бойынан Отанға деген сүйіспеншілік, ерлікті әспеттеліп, ел тәуелсіздігін ардақтаған отты жырларды байқаймыз. Әсіресе жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деген ұзақ толғауының екпіні ерекше. Осы жыры ұзақ толғаулардың бірі саналып, онда сонымен қатар сол замандағы қазақтардың қонақжайлығы мен көшпелі өмірге негізделген тіршілігінің ерекшеліктері айтылады.

Ақтамбердінің қаламынан туған жырлар мен өлеңдерінде шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне, оның кейіпкерлеріне сипаттама беріледі. Оның жырларында белгілі бір рөл сомдаушы кейіпкердің іс-қимылы мен әрекеттері көрсетіліп, жырау сол арқылы өз ойын суреттейді. Осы тұста жыраудың еңбектерінде сол замандағы халықтың тұрмысы мен тіршілігі және күнкөріс мәдениеті – этнографиясы мен оның құндылықтары да сипатталады. Атап айтқанда, ұлттық наным-сенімдер, қазақтардың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, күнкөрісі мен мәдениеті шынайы негізде бейнеленген. Оның жырларының халық арасына тез таралуына ықпал ететін басты жағдай – оның жырлары мен толғауларының шынайылығы. Ақтамберді жырларының ең басты құндылығы – тарихи және деректік материал болуында. Оның жыр-толғауларында келтірілген фактілер сол замандағы қазақтардың тарихын зерттеу үшін құнды ауызша деректік материал болып, олар көптеген тарихи оқиғалардың бетін ашуға көмектеседі.

Ақтамберді жырларының келесі бір маңызды құндылығы – көркемдік, эстетикалық, танымдық, философиялық негіздерінің өте жоғары деңгейде болуында. Ақтамберді өз жырларында болып жатқан фактіні суреттеп, сонымен бірге айтылып отырған уақыттағы жалпы жағдайды түсіндіреді, табиғатты суреттейді, адамдардың түсінігі мен көзқарасын бейнелейді. Ақтамберді жырау өз ғұмырнамасын толғауларына көркемдік мәні өте терең,

сөздерді әдемі нақыштармен келтірген. Оның шығармалары зиялы адамның қолтаңбасын танытады. Оның мұндай сарында жазылған осы күнге дейін қолға түспеген толғаулары ел аузында сақталуы ықтимал. Тағы бір ерекшелігі Ақтамберді жыраудың өлеңдері мен жалпы оның әдеби қазынасы афоризмдерге толы. Мұндай афоризмдер қоғам мен білімнің дауына ықпал ете алады.

Жаугершілік заманда өмір сүрген Ақтамберді жоңғарларды қазақ жерінен ығыстыру үшін қазақ жауынгерлерін өз жырлары арқылы соғысқа үгіттеген. Оның жырларынан сол соғыстың арасына өзі де батырлар сияқты кіріп кетуге дайын тұрғанын байқау қиын емес. Оның шығармаларының көбісінің жоңғарлармен соғысқа үндеуге арналғаны да осының бір айғағы бола алады. Оның батыр ретінде сезінгені өлең-жырларынан анық көрініп тұрады. Жастайынан қанды қырғынды көріп, соғыстың бел ортасында жүргені дала шайырының жігерін жани түскен. Майданда біраз қалмақтың басын қаққан Ақтамберді «Балпаң, балпаң кім баспас, Басарға балтыр шыдамас, Батырмын деп кім айтпас» – деп басталатын толғауында батырлыққа үндеп, дұшпаннан именбеуге ұран салады..

Аттан түспей соғыс қимылдарына араласуға аса ықпал еткен жағдай «Ақтабан шұбырынды» болды. Осы себепті ол жоңғарлармен соғыстың алдыңғы сапында жүрді. Ақтамбердінің жыраулық және ақындық өнерімен қатар батырлық, жауынгерлік қабілеттерінің артуына сол замандағы жаулаушылық зардаптары мен жоңғар шапқыншылығының әсері болған. Ол «Ақтабан шұбырынды» оқиғасының зұлмат қан кешуін бастан өткерген және есін білгеннен бастап 70 жыл бойы ат үстінен түспей, елі мен жерін қорғаған қас батыр, айтулы шешен, қабырғалы би, атақты жырау. Қазақ жауынгерлерінің азаттық, құлдық жөніндегі түсініктері, көшпелі халықтың тыныс-тіршілігі, болашаққа деген сенімі, адалдық-жауыздық, қиянат, әділетсіздік хақындағы таным-түсініктері Ақтамберді талғамынан өтіп, жыр-толғауға айналған .

Бір сөзбен айтқанда Ақтамберді жырау қазақ жеріне үлкен қауіп төндіріп, қазақтарға үлкен қысым жасаған жоңғарларға деген өшпенділігі аса жоғары болды. Ол өзінің қайсар мінезі мен батырлық қабілеттерін осы қалмақтарға қарсы соғысуға үнемі дайындап отыратын болған. Ол қазақтар мен жоңғарлар арасында 1738 – 1752 жылдары болған ірілі-ұсақты шайқастар мен қанды соғыстардың барлығына дерлік қатысқан. Ақтамберді, әуелде жоңғарлармен және оңтүстіктегі көршілермен болған қанды соғыстардың талауына қатысып, өміріне өте қауіпті сәттерді бастан өткізген. Бұл кезең өзі сондай аласапыран кезеңдердің бірі еді. Соғыста Ақтамбердінің сәтсіздіктерге ұшырап, соғыс майдандарында ауыр халге душар болған кездері де аз болмаған.

Ақтамберді жыраудың тек жыраулық ғана емес, сонымен бірге жоғарыда аталғандай оның елшілік және дипломатиялық қабілеттерінің болғаны да өз алдына бір тақырып. 1742 жылы Орта жүз ру басшыларының Орынборда ант беру жиналысында өкіл болып, Абылай ханның бастамасымен бірнеше дипломатиялық істерге араласты. Ақтамберді Қазақ

хандығының сырт елдермен жасасқан көршілік істеріне де араласып, онда бірнеше даулы мәселелерді шешуде түрлі нәтижелерге қол жеткізген. Солардың ішінде Қытаймен арада орын алған түрлі мәселелер, ең негізгілеріне шекара асқан қазақтарды қытайлықтардың тұтқындап, малын тартып алуы, т.б. шешуі жатады.

Яғни Ақтамберді Сарыұлы өз заманының жыр толғап өткен әрі жырауы, әрі батыры. Оның шығармаларынан елі, халқы үшін еңіреп өткен ер тұлғасын, жақсылыққа бастап, адамгершілік ой түйген терең ойлы ақыл иесін, абзал азаматты танимыз. Өзінің өрелі ойларын жыр кестесіне тізе білген жүйрік тілді шешен ақынды көреміз. Даңқты жырау шығармалары гуманистік, адамгершілік идеяларды көтеріп, елдегі күйкентай пендешілікті, өзімшілдікті сынағанын байқаймыз.

Оның ертеректегі «Жағалбай деген ел болар», «Жағама қолдың тигенін», «Жел, жел өсер, жел өсер» сияқты шағын өлеңдерінің негізгі сарыны – жалғыздың мұңы, жетімдік зары, мен де ер жетіп ат тізгінін ұстар шақ туар деген көксеу, үміт.

Атадан тудым жалқы боп,  
Жақыннан көрдім талқы көп,  
Жалғыздық, сені қайтейін!

Жырау жырларындағы келесі бір сарын – үлкен толғаныстар өмірдің тірліктің мәні, күнкөріс қамы, жан иесі жасар әрекеттің апарып жеткізер мұраты жайлы.

Көк көгершін, көгершін,  
Көкқұтан ұшар жем үшін.  
Көк шекпенін көтеріп,  
Ерлер жортар мал үшін.  
Тұтам емшек би үшін,  
Қатын бала қамы үшін,  
Әркім өзі талпынбақ,  
Басына бітер бағы үшін.

Ақын өмір ағысында бір мұратқа жетем деген жан әрекет, қозғалыста болмақтығын; бірліктің бітпес күрес, рахаты мен мехнаты алма-кезек, ауыс-түйіс, жатқан арпалыс әлем екенін бар шығармасында құлаққағыс етіп отырады. Ақтамбердінің түйіндеуінде адам тірлігінің мұраты – жатқа жақыныңды талатпай, ағайын-туған арасында береке-бірлікте ғұмыр кешу.

«Балпаң, балпаң кім баспас», «Жауға шаптым ту байлап», «От басар орны отаудай», «Ей, азаматтар, шоралар», «Салпаң да, салпаң жортамын» толғаулары сияқты.

Жырау шығармаларының аса басым бөлігі, негізгі сарын – жорық, жортуыл жырлары. Соғыс суреті. Жорық сәтінде өзінді былай да, былай ұста деген кеңес.

Ақтамберді ауыр жеңілістерді көзімен көріп, жанын көп жылатты. Жеңістің ұлы қуанышын да бастан аз кешкен жоқ.

Қынаптан қылыш суырмай,  
Қарысқан жау бүлк етпес,

Жуылмай қастың қанымен,  
Намысқа тиген кір кетпес! —  
дейді жаужүрек ақын.

Ақтамберді өр рухтың ақыны «Намысы ел намысы», «Мені – елдің мені» Қазақта бағынышты болғанша, басым кетсін дейтін батыр ұл көп. Жырау солардың атынан сөйлейді.

Салпаң да салпаң жортармын;  
Сары азбанға қосымды артармын,  
Торлаусыз өскен құланмын.

Айтқанға көніп, айдағанға жүрмеймін деген өр рух! Ол Ақтамберді өрлігі ғана емес – елінің ерлік рухы. Ақтамберді – қоғамның, мемлекеттің қыр-сырын жетік меңгерген, өз заманының дүлдүлі. Ол өзінің жыраулық өнерінің арқасында қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына зор үлес қосып, сонымен бірге өз шығармалары арқылы қоғамның өмірін бейнеледі, замана жаршысы атанды. Жырауларға тән ол өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтып, артына үлкен мұра қалдырды. Оның толғауларының негізгі тақырыптары – туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау. Ақтамбердінің мұрасын оқып-үйрену барысында халқымыздың атадан балаға мирас болып қалған сөз өнерінің шебер туындыларымен, еліміздің бастан өткен тарихымен таныс болатынымыз анық. Ең маңыздысы, Ақтамбердінің жырлары, яғни ауызекі және әдеби туындылар мен шығармалар арқылы жеткен тарихпен танысудың үлкен мүмкіндігі туындайды. Сонымен қатар Ақтамбердінің ел арасындағы батырлық, елшілік және мәмілегерлік қабілеттері оның халық арасында тез танылуға мүмкіндік бергені айтпаса да көрініп тұр. Осының арқасында ол қазақ тарихында тек ақын, жырау ғана емес, сондай-ақ шебер дипломат, елші сипатында да қалды. Бір адамның басынан мұндай қасиеттердің молынан табылуы сол замандағы өмір талабы мен қажеттіліктері екені айқын көрініп тұр.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Ақтамберді Сарыұлының өмір жолы
2. Ақтамберді шығармаларының жариялануы
3. Ақтамберді толғауларындағы батырлық рух
4. Ақтамберді толғауларындағы замана бейнесінің берілуі